

## ***2018/2019 жылғы 01 аптадағы Қазақстан Республикасында ЖРВИ мен тұмау сырқаттанушылығының эпидемиологиялық жағдайы***

Ағымдағы аптада Республика бойынша ЖРВИ және тұмау бойынша эпидемиологиялық жағдай сырқаттанушылықтың маусымдық жоғарылауымен сипатталады. Тұмау немесе ЖРВИ ауыратын науқастардың арасында зертханалық расталған өлім-жітім жағдайы тіркелген жоқ.

2018/2019 жж. эпид кезеңнің 01 аптасында 16 191 ЖРВИ жағдайы тіркелді. Халық арасында сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 88,4 құрады, алдыңғы аптаға қарағанда 35,5% төмендегені байқалды.

2018 ж. 04 қазанынан 2019 ж. 09 қантарға дейінгі уақыт аралығында 188 165 ЖРВИ жағдайы тіркелді. Халық арасында сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 1027,7 құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 16,18% төмен (2017/2018 маусымында сырқаттанушылық көрсеткіші 100 мың адамға шаққанда 1226,09).

ЖРВИ-мен ауырғандардың негізгі үлесін 14 жасқа дейінгі балалар құрап отыр – 64,08% (121 965 жағ.), 1 жасқа дейінгі балалар арасында 11,5% (21652 жағ.) ЖРВИ жағдайы, жүкті әйелдер арасында 3,3% (6287 жағ.) тіркелген.

ЖРВИ диагнозымен 26602 науқас ауруханаларға жатқызылды, оның ішінде жүкті әйелдер – 13,2% (3514 жағ.), 1 жасқа дейінгі балалар – 27,8% (7397 жағ.) құрады.

Республикада пневмониямен ауруханаларға 9290 науқас жатқызылды, олардың арасында 14 жасқа дейінгі балалардың арасындағы үлесі – 81,7% (7593 жағ.), оның ішінде 1 жасқа дейінгі балалар – 46,1% (3505 жағ.), жүкті әйелдер – 1,3% (126 жағ.).

Еліміздегі вирусологиялық зертханалардың зертеу нәтижелері бойынша Қазақстан аумағында эпидемиологиялық маусымның 01-ші аптасында науқастардан алынған сынамалардан А және В тұмау вирустары анықталды (А/Н1N1-09 – 81,2%, А/Н3N2- 17,2%, В -0,99%).

Сонымен қатар науқастардан алынған сынамалардан риновирус (44,2%), аденовирус (12,17%), риносинтиалдық (22,5%), парагрипп (9,8%), бокавирус (7,72%) және короно (3,56%) вирустары анықталды.

Тұмаудың алдын алудың ең тиімді жолы - тұмауға қарсы вакцина жасату.

Республикада 2018/2019 эпидемиялық маусым алдында республика халқының жалпы санының 11,3% (2 060 276) немесе тұмауға қарсы егілді, оның ішінде: 14 жасқа дейінгі балалар - 11,5% (584 691 жалпы санының), ересектер – 11,2% (1 475 585 ересек тұрғындардың жалпы санының), медицина қызметкерлері – 93,5% (210 080 медицина қызметкерлерінің жалпы санының), жүкті әйелдер – 96,2% (97392 тіркелген жүкті әйелдердің 2-3 триместр кезеңінде).

Жергілікті бюджет есебінен – 78,1% (1 609 247 адам), жұмыс берушілер есебінен 17,2% (355 136 адам), ақылы емханаларда - 4,6% (95 893 адам) есебінен егілді.

Адамдардың тұмауға шалдығуы басым болып келеді. Бронхит, пневмония, менингит, энцефалит, пиелонефрит, полиневрит және т.б. сияқты тұмаудың асқынуы өте қауіпті. Асқынулар адамды мүгедектікке әкелуі мүмкін, ауыр жағдайларда өлім-жітімге де алып келеді. Тұмаумен ауырғаннан кейін

мынадай созылмалы аурулар күшейіп асқынады: бронхиалдық демікпе, созылмалы бронхит, жүрек тамыр аурулары, зат алмасудың бұзылуын қоздыратын аурулар және т.б.

Осы себептерге байланысты ЖРВИ-дің және тұмаудың алғашқы белгілері мен симптомдары пайда болған жағдайда уақытылы аурудың алдын алып, дереу кезінде медициналық көмекке жүгінген өте маңызды.

ЖРВИ және тұмау ауруларының алдын алу мақсатында вакцинациядан басқа мынадай қарапайым ережелерді сақтау керек: ЖРВИ-мен ауыратын науқастармен қарым-қатынаста болмау, науқастармен қарым-қатынаста болған кезде бет перде тағу, қолды сабынмен немесе антибактериалды заттармен (құрамында спирті бар ерітінділер) жуу, жөтелгенде және түшкірген кезде бір рет қолданылатын қол орамал немесе майлық қолдана отырып, ауыз бен мұрынды жабу, кір қолмен көзді, мұрынды және ауызды ұстамау, адамдар көп жиналатын жерлерге (жиналыстар, кездесулер, ойын-сауық және спорттық іс-шаралар және т.б.) бармау, үнемі үй-жайды желдету, салауатты өмір салтын жүргізу (толыққанды ұйықтау, таза ауа, белсенді демалыс, дәруменге бай тағамдардың үйлесімді болуы). Жоғарыда көрсетілген спецификалық емес алдын алу шаралары организмге кез келген инфекциялармен күресуде көмектеседі.

Аурудың алғашқы белгілері байқалған кезде дені сау адамдармен қарым-қатынасты шектеу керек, ауру басталғаннан 7 күн бойы үйде болу қажет, күнделікті жеке гигиена шараларын сақтау және учаскелік дәрігердің ұсынымдары бойынша ертерек емделуді бастау үшін дәрігер шақыру керек.

Өзін -өзі емдеу тұмаудың асқынуына алып келетіндігін есте сақтаңыз!